## Медициналық бұйымдарды пайдалануға байланысты қолайсыз оқиғалар түрлерінің сыныптауышы туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 47 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 31-бабына және Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 4 және 7-тармақтарына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы ережені басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған медициналық бұйымдарды пайдалануға байланысты қолайсыз оқиғалар түрлерінің сыныптауышы (бұдан әрі – сыныптауыш) бекітілсін.

2. Сыныптауыш Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына енгізілсін.

3. Мынадай:

сыныптауыш осы Шешім күшіне енген күннен бастап қолданылады;

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар айналысы саласында жалпы процестерді іске асыру кезінде сыныптауыштың кодтық белгіленімдерін пайдалану міндетті болып табылады деп белгіленсін.

4.Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия*
*Алқасының Төрағасы* *Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 3 сәуірдегі
№ 47 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

## Медициналық бұйымдарды пайдалануға байланысты қолайсыз оқиғалар түрлерінің СЫНЫПТАУЫШЫ

### I. Сыныптауыштың ізеуірттелген мәліметтері

| Бірінші деңгейдегі терминнің коды | Екінші деңгейдегі терминнің коды | Атауы | Сипаттамасы |
|---|---|---|---|
| А. Оқиғалар типтерінің кодтары | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| A01000 | жандандыру, орнату немесе ажырату | | бұйымның құжатталған пайдалану сипаттамаларынан ауытқуға байланысты және бұйымды немесе оның компоненттерінің бірін нақты орналасқан жерінде жандандыруға немесе орнатуға арналған оқиғалардың тізбектілігіне қатысты проблема |
| | A01001 | орнатудағы қиындықтар | көрсетілген жерде бұйымды, бұйымның компоненттерін немесе олардың екеуін де орнату бойынша пайдаланушы бастан кешетін қиындықтарға немесе қолайсыздықтарға байланысты проблема |
| | A01002 | жандандырудың істен шығуы | бұйымның немесе бұйым компоненттерінің жандандыруға қабілетті болмауына байланысты проблема |
| | A01003 | ажырату кезіндегі істен шығу | болжанғандай, айыру немесе ажырату кезінде бұйымның немесе оның компоненттерінің бірінің істен шығуына байланысты проблема |
| | A01004 | | бұйымның, бұйым компоненттерінің немесе олардың екеуінің де жүйеде ерте және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | мерзімінен бұрын жандандыру | күтілмеген жандануына байланысты проблема |
| | A01005 | жандандыруды тежеу | бұйымның, бұйым компоненттерінің немесе олардың екеуінің де жүйеде кідіруіне және күтілмеген жандануына байланысты проблема |
| A01100 | компьютердегі аппараттық құралдар | | бұйымның пайдаланушылық сипаттамаларына немесе басқа бұйыммен байланысына ықпал ететін аппараттық құралдарға байланысты проблема |
| | A01101 | компьютердің аппараттық құралдарының проблемасы | бұйымның пайдаланушылық сипаттамаларына ықпал ететін аппараттық құралдарға байланысты проблема |
| | A01102 | желінің проблемасы | жүйенің жалпы пайдаланушылық сипаттамаларына немесе осы жүйеге қосылған жекелеген бұйымдардың немесе бұйымдар жинағының пайдаланушылық сипаттамаларына ықпал ететін жүйенің құжатталған өзіндік ерекшелігінен ауытқуларға байланысты проблема |
| | | | пайдаланушылық сипаттамаларға немесе басқа бұйыммен байланысқа ықпал |

| | | | |
|---|---|---|---|
| A01200 | компьютерлік бағдарламалық қамтылым | | ететін, жазылған бағдарламаларға, кодтарға немесе бағдарламалық жүйеге байланысты проблема |
| | A01201 | қолданбалы бағдарламаның проблемасы | бағдарламалық қамтылымға арналған, өз функциясын болжамды пайдалану немесе қолдану ішінде орындау талабына байланысты проблема |
| | A01202 | бағдарламалау проблемасы | бұйымның белгіленген қажеттілігін немесе жұмыс істеу мақсатын қанағаттандыру үшін пайдаланылатын, жазылған бағдарламалық кодқа немесе қолданбалы бағдарламалық қамтылымға байланысты проблема, соның ішінде дұрыс емес бағдарламалық қамтылым, қуаттың дозасы, параметрлері және есеп-қисабы |
| | қосу немесе орнату | | бұйымдардың, бұйымдар компоненттерінің немесе сұйықтық, газ, электр немесе деректер беруге арналған құралдарды ұсыну үшін құрылған функционалдық блоктардың ұштастырылуына байланысты проблема |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| A01300 | A01301 | қосу проблемасы | бұйымдардың, бұйымдар компоненттерінің немесе сұйықтық, газ, электр немесе деректер беруге арналған құралдарды ұсыну үшін құрылған функционалдық блоктардың байланыстырылуына байланысты проблема |
| | A01302 | өшіру | жалғанған бұйымдарға, бұйымның компоненттеріне немесе олардың екеуіне де және ажыратқыштар арасында газдың, сұйықтықтың немесе электр тогының ағып кетуін болдырмау үшін жеткілікті ашық кеңістіктің (өшіру кезінде) болуына байланысты проблема |
| | A01303 | өшірудің істен шығуы | жалғанған бұйымдарға, бұйымдардың компоненттеріне немесе олардың екеуіне де байланысты, сұйықтықтың, газдың, электр энергиясының немесе ақпараттың берілуін тоқтату компоненттердің байланысын бұзбай немесе қажет болған кезде өшірмей жүзеге асыру мүмкін болмайтынынан тұратын проблема |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | A01304 | орнату проблемасы | бұйымдарды, бұйымдардың компоненттерін немесе олардың екеуіне де қосуға байланысты, коммутациялық жүйелер арналарының және сұйықтық, газ, электр немесе ақпарат беруге арналған құралдарды ұсыну үшін құрылған басқа да функционалдық блоктардың сәйкес немесе тура келмейтінінен тұратын проблема |
| | A01305 | сенімсіз немесе үзіле беретін қосу | бұйымдарды немесе бұйымның компоненттерін сенімсіз немесе үзіле беретін қосуға байланысты проблема |
| | A01306 | дұрыс қоспау | бұйымдарды немесе бұйымдардың компоненттерін дұрыс қоспауға немесе бұйымның өзіндік ерекшелігіне сәйкес келмейтін қосуға байланысты проблема |
| | электр (электроника) | | электрдің немесе электр жүйесінің немесе бұйым компоненттерінің істен шығуына байланысты проблема |
| | A01401 | ұшқындау | өткізгіш екі бет арасындағы саңылау арқылы өтетін, әдетте көрінетін жарық жарқылына алып келетін электр тогына байланысты проблема |

| | | | |
|---|---|---|---|
| A01400 | A01402 | тізбектің істен шығуы | ішкі желілік жолдардың немесе электр схемасының (яғни электр компоненттердің, баспа платаларының, сымның) істен шығуына байланысты проблема |
| | A01403 | сезгіш элементтің проблемасы | бұйымның физикалық тітіркендіргіштерге (температураға, жарыққа, қозғалысқа, жүрек ырғағына) жауап беруге арналған, бірақ алынған сигналды интерпретациялау немесе өлшеу үшін бермейтін функцияларына байланысты проблема |
| | A01404 | қорек көзінің проблемасы | бұйымның кіріктірілген энергия көзіне (мысалы батареяларға, трансформаторларға, отын элементтеріне немесе басқа да қуат көздеріне) байланысты проблема |
| | A01405 | ұшқын | бұрын электрмен зарядталған екі дененің (мысалы, электр-статтық разрядтар) арасында электр энергиясының бөлінуіне байланысты проблема |
| | | | бұйым пайдаланылатын немесе сақталатын қоршаған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сыртқы жағдайлар | | жағдайларға (мысалы, температураға, шуға, жарыққа, желдетуге және электрмен қоректендіруге) байланысты проблема |
| A01500 | A01501 | қоршап тұрған бөлшектер | бұйым пайдаланылатын атмосферада тікелей ілініп тұрған шаң, түтін, газдар немесе тұман сияқты ұсақ қатты немесе сұйық бөлшектерге байланысты проблема |
| | A01502 | газдар немесе булар | бұйымның жұмысына әсер ететін, қоршап тұрған будың немесе газдың көрінісіне, иісіне немесе уыттылығына байланысты проблема |
| | A01503 | тура келмейтін сақтау | бұйымның қанағаттанатындай немесе тиісті түрде сақталмауына байланысты проблема |
| | A01504 | қуатты жоғалту | объект (мысалы, электр, газдың, сұйықтықтың қысымы) қамтамасыз ететін бастапқы қуаттың жеткілікті болмауына байланысты проблема |
| | имплантталатын бұйымдардың істен шығуы | | имплантталған бұйымның (белсенді немесе белсенді емес) көшіріп қондырылуы, бұзықтығы немесе істен шығуы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| A01600 | A01601 | бұйымды немесе бұйымның компоненттерін көшіріп қондыру | бұйымның, бұйым компоненттерінің немесе олардың екеуінің де орталықтан қозғалудан немесе көзінен ығысуынан туындаған ұнамсыз қозғалысына байланысты проблема |
| | A01602 | сүйекті қиратуға байланысты проблема | сүйек пен имплантталған бұйым арасындағы өзара байланыстан туындаған проблема |
| A01700 | сыйымсыздық | | басқа бұйымдармен, бұйымның компоненттерімен, пациентпен немесе өзі қамтитын немесе алып келетін субстанциямен ( дәрімен, организмнің сұйықтығымен және т.б.) сыйыспайтын бұйымға байланысты проблема |
| | A01701 | компоненттердің немесе аксессуарлардың сыйымсыздығы | бұйымның, бұйым компоненттерінің немесе олардың екеуінің де сәйкес келмеуіне байланысты проблема, бұл ретте ол бұйыммен оның компоненттері арасында дисфункцияға әкеп соғатын сол бір қолданылу жағдайларында пайдаланылады |
| | A01702 | "бұйым – бұйым" деңгейіндегі сыйымсыздық | екі немесе одан көп бұйымның сәйкес келмеуіне байланысты проблема, бұл ретте бұйым бірден көп бұйымның дисфункциясына |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | әкеп соғатын сол бір қолданылу жағдайларында пайдаланылады |
| | A01703 | "пациент – бұйым" деңгейіндегі сыйымсыздық | пациент пен бұйымның арасында физиологиялық немесе анатомиялық деңгейдегі өзара іс-қимылға байланысты проблема, ол пациентке немесе бұйымға әсер етеді ( мысалы, биосыйымдылық және иммунологиялық проблемалар) |
| | инфузия (беру) | | бұйымның арналған сұйықтықтарды немесе газдарды жеткізуді қамтамасыз етуден істен шығуына байланысты проблема (мысалы, дәрілерді сәйкес келетін жылдамдықпен жеткізбеу, жүйеден сұйықтықты кетіру және т.б.) |
| | A01801 | өз құрамындағыдан босануға байланысты проблема | бұйымның, бұйым компоненттерінің немесе олардың екеуінің де өз құрамындағыдан босануға қабілетті болмауына байланысты проблема |
| | A01802 | дұрыс емес беру немесе инфузия | терапевтік заттарды (мысалы, ауаны, газды, дәрілік препараттарды немесе сұйықтықты сорғының көмегімен генерацияланатын артық қысыммен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| A01800 | | | бұйымға немесе пациентке) негізсіз реттеуге және жеткізуге байланысты проблема |
| | A01803 | толтыру проблемасы | бұйымның, бұйым компоненттерінің немесе олардың екеуінің де арналған агенттің (мысалы, физиологиялық ерітіндінің немесе ауаның) берілуін кеңейтуге немесе ұлғайтуға қабілетті болмауына байланысты проблема |
| | A01804 | ағын жоқ | бұйымның көрсетілген сұйықтықты немесе газды жеткізетіндей жағдайда болмауына байланысты туындайтын проблема |
| | A01805 | шектен тыс ағын | берілетін емнің ( мысалы, бұйымға немесе пациентке артық қысыммен берілетін препараттардың немесе сұйықтықтардың) артық дозалануына байланысты проблема |
| | A01806 | жеткіліксіз түсім | емдеу үшін дозаның (мысалы, бұйымға немесе пациентке артық қысыммен берілетін препараттарды немесе сұйықтықтарды эпидуральды, интратекальды, вена ішіне, тері астына енгізу кезінде) жеткілікті болмауына |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | байланысты проблема |
| A01900 | таңбалау, заттаңбалау және қолдану жөніндегі нұсқаулық | | медициналық бұйыммен немесе оның қаптамасымен бір жиынтықта берілетін жазба, баспа, графикалық немесе аудио/бейне материалдардың дәлдігіне және орындылығына байланысты проблема |
| | A01901 | қолдану жөніндегі нұсқаулықтың проблемасы | медициналық бұйымға қоса берілетін кез келген материалдарға, соның ішінде бұйымды дайындаушы беретін, медициналық бұйымдарды сәйкестендіруге, техникалық сипаттауға және қолдануға қатысы бар нұсқаулықтарға байланысты проблема |
| | A01902 | таңбалаудың проблемасы | медициналық бұйымға немесе оның қаптамасына бекітіп берілген жазба, баспа немесе графикалық материалға немесе қоса берілетін материалдарға байланысты проблема |
| | материал | | бұйымның құжатталған пайдалану сипаттамаларынан кез келген ауытқуларға байланысты, бұйымды дайындау үшін қолданылған барлық материалдарды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| A02000 | | | пайдалану мерзімдерін шектеуге қатысты проблема |
| | A02001 | жарылу | резервуар немесе контейнер ішіндегі, резервуар немесе контейнер жарылатындай дәрежеге дейін өсетін қысымға байланысты проблема |
| | A02002 | шытынау | бұйымның конструкциясында пайдаланылатын материалдарда бүкіл ұзындығы немесе ені бойына қажетсіз бөлінуге немесе көрінетін ашылуға байланысты проблема |
| | A02003 | ыдырау | бұйымның конструкциясында пайдаланылатын материалдардың химиялық құрылысындағы, физикалық қасиеттеріндегі және сыртқы түріндегі зиянды өзгерістерге байланысты проблема |
| | A02004 | материалдың түссізденуі | материалдың ұнамсыз сызықтарына, өрнегіне немесе түсінің елеулі өзгеруіне байланысты проблема |
| | A02005 | материалдың фрагменттелуі | бұйымның күтілмегенде шағын бөліктерге бөлініп кетуіне байланысты проблема |
| | | | жиі орналасқан штампталған немесе |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | A02006 | материалдың перфорациясы | бұрғымен тесілген тесіктермен сипатталатын, ұнамсыз материалдық залалға байланысты проблема |
| | A02007 | материалдың қатпарлануы | бұйым материалдарының қажетсіз ажырауына немесе қирауына байланысты проблема |
| A02100 | механикалық бөлік | | бұйымның механикалық бүлінулерге, соның ішінде қозғалатын бөліктерге немесе тораптарға және т.б. қатысты техникалық талаптар қамтылған, құжатталған пайдалану сипаттамаларынан кез келген ауытқуға байланысты проблема |
| | A02101 | сәйкес келмейтін калибрлеу | бұйымды калибрлеуге байланысты оның нақтылығына қатысты бұйыммен жұмысқа байланысты проблема |
| | A02102 | бұйымды немесе бұйымның компоненттерін айыру | бұйымды немесе бұйымның компоненттерін айыруға байланысты проблема |
| | A02103 | ығысу немесе орнын ауыстыру | бұйымды немесе бұйымның компоненттерін арналған орнынан ығыстыратын механикалық күштерге байланысты проблема |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | A02104 | шығып кету | сұйықтықтың немесе газдың өздері тұрған ыдыстан емесе контейнерден шығып кетуіне байланысты проблема |
| | A02105 | механикалық бөгеуіл | бұйымның немесе оның компоненттерінің қозғалысына кедергі келтіруге немесе оны шектеуге байланысты проблема |
| | A02106 | арналған жағдайына қайтару проблемасы | бұйымның немесе бұйым компоненттерінің немесе екеуінің де арналған жағдайға қайта оралмауына байланысты проблема |
| | A02107 | көзделмеген орын ауыстыру | бұзылудан, дұрыс емес диагноздан немесе бұйыммен тиісінше жұмыс істемеуден туындаған, бұйымның қажетсіз орын ауыстыруына байланысты проблема |
| | механикалық емес бөлік | | бұйымның химиялық реагенттерге, байланыстарға, оптикаға немесе орнатуға қатысты техникалық талаптар қамтылатын құжатталған пайдалану сипаттамаларынан кез келген ауытқуларға байланысты проблема |
| | | | бұйымның кез келген химиялық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| A02200 | A02201 | химиялық проблема | сипаттамаларға ( яғни элементтерге, қосындыларға немесе қоспаларға) қатысты техникалық талаптар қамтылатын құжатталған пайдалану сипаттамаларынан кез келген ауытқуларға байланысты проблема |
| | A02202 | байланыс немесе берілетін сигнал деңгейі | бұйымның ішкі компоненттері мен бұйым өзара іс-қимыл жасасуға тиісті басқа да сыртқы бұйымдар арасында беруді қоса алғанда, сигналдар мен деректерді қабылдауға немесе беруге арналған бұйымға байланысты проблема |
| | A02203 | орнату | нақты бұйымды қанағаттанғысыз орнатуға, құрастыруға немесе баптауға немесе технологияға байланысты проблема |
| | A02204 | оптикалық проблема | берілетін бейненің сапасына ықпал ететін немесе спектрдің көрінетін саласы арнасының мақсатты қолданылуына ықпал ететін спектрдің көрінетін саласына жарық беруге байланысты проблема |
| | | | көзден межелі пунктке берілетін деректерді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | A02205 | телеметрияның сәйкессіздігі | телеметриялық кодтау арнасы, өңдеу тәсілі ретінде сипаттауға болатын, сигналдардың берудің құбылмалы болуына байланысты проблема |
| A02300 | өзгелер | | осы кестеге енгізілмеген, бірақ бұйыммен байланысты оқиға типі |
| | A02301 | өзгелер | осы кестеге енгізілмеген, бірақ бұйыммен байланысты оқиға типі |
| A02400 | шығудағы проблема | | бұйымның түпкі нәтижемен (мысалы, сынақтардың деректері немесе нәтижелері) байланысты, арналған функционалдық сипаттамаларынан кез келген ауытқуға байланысты проблема |
| | A02401 | энергияның пациент тініне дұрыс шықпауы | пациенттің тіндеріне бағытталған энергия мөлшеріне байланысты проблема |
| | қаптау (жеткізу) | | қаптауға немесе жеткізуге байланысты проблема |
| | A02501 | қолданғанға дейін бүлдіру | бұйымды қаптау немесе қолданылу орнына жеткізу процесіндегі бүлдіруге байланысты проблема |
| | A02502 | | қаптама бүтіндігінің бұзылуы салдарынан стерильді емес |

| | | | |
|---|---|---|---|
| A02500 | | стерильді емес өнімдерді беру | бұйымды беруге байланысты проблема |
| | A02503 | қаптау | жеткізу процесінде қорғау үшін пайдаланылатын материалдарға немесе жеткізу жөніндегі нұсқаулықтарға байланысты проблема |
| | A02504 | жеткізу кезінде бұйымды ластау | бұйымның бетінде немесе қаптамасында оның арналған қолданылуы үшін функциональдық сипаттамаларға ықпал етуі мүмкін кез келген бөгде заттардың болуына байланысты проблема |
| | A02505 | қаптама материалдарын ашудағы немесе кетірудегі қиындықтар | бұйыммен жұмыста түпкі пайдаланушылар үшін қиындықтарға байланысты проблема, атап айтқанда сыртқы қаптаманы ашу немесе кетіру |
| A02600 | қорғау | | бұйымның пациент немесе пациентке қызмет көрсететін адам үшін тәуекелдерді төмендету немесе көрсетілген тәуекелдер деңгейін ұстап тұру үшін пайдаланылатын, бұйымдарға тән конструкциялық ерекшеліктерді жүзеге асыруға және мұрағa алуға қатысты техникалық талаптар қамтылатын, құжатталған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | пайдалану сипаттамаларынан кез келген ауытқуларға байланысты проблема |
| | A02601 | бұйымның сигнализация жүйесінің проблемасы | сигнализация жүйесінің істен шығуына байланысты проблема |
| | A02602 | қорғау функциясының проблемасы | бұйымның қауіпті пайдаланылуын болдырмайтын, бұйымның функциясына байланысты проблема |
| A02700 | температура | | бұйымның көзделмеген жоғарылатылған температураларға жетуіне байланысты проблема |
| | A02701 | өртелген бұйым немесе компоненттер | бұйымның немесе оның компоненттерінің жылудан бүлінуі салдарынан оның бояуындағы өзгерістерге немесе жойылуына байланысты проблема |
| | A02702 | өрт | салдарынан санамаланған оқиғалардың кез келгені: жарық, алау , түтін орын алатын бұйым компоненттерін жағуға байланысты проблема |
| | A02703 | алау немесе ұшқындау | бұйыммен байланысты, күйік немесе стационарлы емес ұшқындау туғызатын проблема |
| | | | бұйымға немесе бұйымның бөліктеріне |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | A02704 | жеткілікті түрде салқындатылмау | байланысты, олардың жандандырылған (жұмыс) жағдайында да, жандандырылмаған (жұмыс емес) жағдайында да жеткілікті түрде салқын болмауынан тұратын проблема |
| | A02705 | бұйымның немесе бұйым компоненттерінің қызып кетуі | бұйымның жоғары температура бөлуіне байланысты проблема, соның нәтижесінде оның жұмыс істеуіне қатер төнеді (мысалы, компоненттердің балқып кетуіне немесе автоматты түрде өшірілуге алып келетін қызып кету) |
| | A02706 | түтіндеу | өрттің немесе жанудың нәтижесінде бұйымнан пайда болатын бу немесе газ бұлтына байланысты проблема |
| | көзделмеген функция | | бұйымның көзделгендей жұмыс істемеуіне байланысты проблема, оның нәтижесі бұзылу, дұрыс емес диагноз немесе тиісінше қарым-қатынас жасамау болып табылады |
| | A02801 | бұйым дұрыс емес хабарды көрсетеді | пайдаланушының бұйымның проблемасы туралы сұрау салуына дұрыс емес ақпарат беретін бұйымға байланысты проблема |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| A02800 | A02802 | тіркелудің немесе жалғанудың бүлінуі | бұйымды басқа объектіге, соның ішінде басқа бұйымға немесе бұйымның компоненттеріне немесе пациент денесінің бөліктерін жалғау қиындықтарына байланысты проблема |
| | A02803 | дұрыс құрастырмау | бұйымның компоненттерін, детальдар мен элементтерді дұрыс құрастырмау салдарынан бұйымды пайдалануға байланысты проблема |
| | A02804 | дененің қажеттіден басқа бөлігіне ем ұсыну | дененің қажеттіден басқа бөлігіне жеткізілген энергияға байланысты проблема |
| | қолдану қатесі | | әрекетке немесе әрекетсіздікке байланысты проблема, бұл дайындаушының ойына сай келмейтін немесе оператор күтпеген нәтижеге алып келеді |
| | A02901 | жеткілікті түрде немесе тиісті түрде | бұйыммен бірге ұнамсыз қоспалардың енгізілуіне немесе бұйымның сыртқы беттерінде, саңылаулары мен түйісу тұстарында жинақталған, көзге көрінетін ластанудың, бөгде заттардың немесе организмдердің бұйымды стерильді, өңдеуге немесе одан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| A02900 | | дезинфекцияламау және стерильдемеу | әрі зарарсыздандыру процесіне қауіпсіз етуге арналған механикалық немесе қолмен атқарылатын процесс арқылы жеткілікті түрде кетірілмеуге байланысты проблема |
| | A02902 | жеткілікті түрде оқытпау | пайдаланушыларды бұйымның жұмыс істеуіне қатысты қанағаттанарлық бастапқы немесе мерзімді оқытудың ықтимал берілмеуіне байланысты проблема |
| | A02903 | техникалық қызмет көрсету проблемасы | бұйымға қызмет көрсетуге байланысты проблема |
| | A02904 | қалпына келтіру проблемасы | бұйымды жөндеуге байланысты проблема |
| | A02905 | бұйымды қолдану проблемасы | пайдаланушының дайындаушы зауыттың ұсынымдарына немесе танылған озық практикаға сәйкес бұйымға қызмет көрсетуге немесе оны пайдалануға қабілетті болмауына байланысты проблема |
| | A02906 | жұмыс істемейтін бұйым | функционалды емес немесе жұмыс істемейтін күйде тұрған бұйымға байланысты проблема |
| B. Бағалау кодтары | | | |
| | биологиялық | | тіршілікке немесе тірі организмдерге |

| | | | |
|---|---|---|---|
| B25000 | | | ықпал ететін оқиғалар |
| | B25002 | биосыйымдылық | бұйым жасушалар немесе тіндер деңгейінде реакция туғызады, бұл реципиентте немесе терапияның бенефициарында ұнамсыз жергілікті немесе жүйелі әсерлер туғызады |
| | B25003 | биологиялық материалдар | медициналық бұйымда дереу гиперсезімталдықтан ерекшеленетін реакция туғызатын биологиялық материалдардың болуы |
| | B25004 | бөгде материалдармен ластану | ластанған немесе әлеуетті қауіпті бұйымдармен енетін бөгде материалдардың болуы |
| | B25005 | гендік-уыттық проблема | генетикалық материалдың бүлінуін туғызуға қабілетті, мысалы, қатерлі ісіктерге алып келетін бұйым [қараңыз ИСО 10993 (барлық бөліктері)] |
| | B25006 | гематологиялық проблема | бұйым қанға немесе оның компоненттеріне ықпал етеді немесе әсер етеді |
| | B25007 | эндоуыттармен ластану | кейбір бактериялармен (мысалы, грамтеріс бактериялармен) байланысты уыттардың қаланбайтын болуы |
| | B25008 | микробиологиялық ластану | бактериялар және саңырауқұлақтар (ашытқы және зең) сияқты микроорганизмдерд |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ің немесе микробтардың қаланбайтын болуы |
| | B25009 | пирогенді әсер туғызатын материал немесе материалдың фильтраты | осы материалдардың бұйымнан кіруінің салдары болып табылатын температураның артуын шақыратын пирогендердің немесе организмдердің қаланбайтын болуы |
| B25100 | қолдан жасау | | медициналық бұйымның төлнұсқалығы туралы алдау және жалған түсінік беру ниетімен медициналық бұйымның төлнұсқалығын қайта жасауға, таңбалауды немесе өнім туралы ақпаратты қолдан жасауға байланысты оқиғалар |
| | B25101 | бұрмалау | алдау ниетімен медициналық бұйымның төлнұсқалығын имитациялау |
| | B25102 | өнім туралы ақпаратты қолдан жасау | бұйымды таңбалауға жауапты компания ұсынбаған немесе санкцияламаған бұйымды таңбалау немесе басқа ақпарат |
| | B25301 | жобаның қауқарсыздығы | жобаның қауқарсыздығы, соның ішінде тәуекелді тиісінше бағаламау салдарынан бұйымның белгіленген қолдануға қол жеткізуде істен шығуы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | B25302 | әзірлеу процесінің қауқарсыздығы | әзірлеу процесінің тиісінше болмауының салдарынан бұйымның белгіленген қолдануға қол жеткізуде істен шығуы |
| | B25303 | қаптау | тиісінше емес немесе нашар қаптау |
| | B25304 | қауіпсіздік шаралары | қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жеткілікті емес немесе жоқ шаралар |
| | B25305 | қолдану | пайдаланушыларды оқытудың нәтижелілігін, пәрменділігін, қарапайымдығын және тұтынушылардың қанағаттанушылығын айқындайтын пайдаланушылық интерфейстің тиісті немесе жеткілікті емес сипаттамалары |
| | электр бөлігі | | электрлік бұзылу, тіпті егер бұзылу тұрақты емес сипатта болса да, бұйымның (мысалы, электр схемасының, байланыстардың немесе компоненттердің) істен шығуынан көрінетін, бұйымның электр жетегіне байланысты оқиға |
| | B25501 | электр компонент | бұйымның істен шығуына алып келетін электрлік немесе электрондық компоненттердің ақаулары (мысалы, резистордың, конденсатордың, трансформатордың, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| B25500 | | | микропроцессордың бұзылуы) |
| B25500 | B25502 | электрлік бұзылу | сұйықтықтың кіруі немесе қызып кету сияқты оқиғалар нәтижесінде туындайтын электр тізбегінің бұзықтығы |
| B25500 | B25503 | электрлік байланыс | бұйымның бұзылуына алып келетін электрлік проблема (мысалы, қаланбайтын байланыс немесе байланыстың үзілуі, жемірілу, жоғары қарсылық, жылу соққысы немесе әдейі емес қимыл) |
| B25500 | B25504 | энергияны шоғырландыру жүйесі | бұйымның электр энергиясын сақтау жүйесіне (мысалы, аккумулятор батареяларына, зарядтау жүйесіне немесе конденсаторға) байланысты проблемасы, соның ішінде қуат көзінің мерзімінен бұрын сарқылуы және аккумулятордың жарылуы сияқты проблемалар |
| B25500 | B25505 | дұрыс емес конструкция | бұйымның электр сымын дұрыс ажыратпауға, болжанбаған қозғалыс салдарынан сынуға және басқа да конструкторлық кемшіліктерге байланысты проблемасы |
| B25500 | B25506 | оқшаулау | қауіпті кернеудің әсер етуіне алып келетін, тиісті емес және тура келмейтін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | оқшаулаушы материалы бар бұйымдар |
| | B25507 | қоректендіру көзі: қуатты жоғалту | бұйым жұмысының тоқтауына алып келетін, электр желісінің істен шығуы |
| B25600 | электр-магниттік бөгеуілдер | | электр-магниттік бұзылулардан, соның ішінде радиожиілік бөгеуілдерінен (RFI ) туындаған, белсенді электр медициналық бұйымның бұзықтығына байланысты оқиғалар |
| | B25601 | электр-магниттік сәулеленуге төзімділік | электр-магниттік бөгеуілдердің салдарынан медициналық функционалдық сипаттамалардың нашарлауы |
| | B25602 | электр-магниттік сәулелену | радио байланысқа, басқа бұйымға немесе басқа медициналық бұйымдардың немесе медициналық жүйелердің функционалдық сипаттамаларына әсер ететін электр-магниттік бөгеуілдерді әдейі емес түрде сәулелендіретін медициналық бұйымдар |
| | адами фактор | | адамның мүмкіндіктері ( физикалық, сенсорлық, эмоциялық және интеллектуалдық) туралы білімдерді қолдануға байланысты оқиға |

| | | |
|---|---|---|
| | | және құралдарды, бұйымдарды, жүйелерді, орталар мен құрылымдарды жобалау және әзірлеу кезінде оларды қолданудың шектері |
| B26001 | қалыпты түрде қолданбау | дайындаушының тарапынан кез келген ақылға қонымды тәуекелді басқару құралдарынан тыс болатын мінез-құлық нәтижесі ретінде медициналық бұйым пайдаланушысының немесе операторының әрекеті немесе әрекетсіздігі, мысалы нұсқаулықты, рәсімді қасақана бұзу немесе орнату аяқталғанға дейін пайдалану, бұл бұйымның істен шығуына алып келеді |
| B26002 | жарамдылық мерзімі | медициналық бұйымды жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін пайдалану, бұл бұйымның істен шығуына алып келеді |
| B26003 | қызмет мерзімінің аяқталуы | бұйымды белгіленген қолдану мерзімі өткеннен соң пайдаланудан туындаған бұзылуы |
| B26004 | жол берілмейтін қоршаған орта | бұйымды оның істен шығуына немесе бұзылуына алып келетін қоршаған ортада пайдалану |

| | | | |
|---|---|---|---|
| B26000 | B26005 | дұрыс емес калибрлеу | калибрлеу дұрыс емес орындалған немесе мүлдем орындалмаған, бұл өлшеуге (мысалы, температураны, салмақты, pH, in vitro зерттеу нәтижелерін) қатысатын медициналық бұйым беретін дәл емес нәтижелерге алып келеді |
| | B26006 | орнату проблемасы | бұйымның дұрыс орнатылмауға, бапталмауға немесе конфигурациясына байланысты бұзылуы |
| | B26007 | қызмет көрсету | бұйымның ағымдағы немесе мерзімдік техникалық қызмет көрсетудің жеткіліксіз болуының нәтижесінде істен шығуы немесе бұзылуы |
